

Мұнайдың экспорттық бағасы мен оған республика ішінде берілетін бағалар арасындағы айырма бөлігін бюджет кірісіне төлеу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 21 қыркүйектегі N 914 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 294 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.30 № 294 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1993 жылғы 25 қаңтардағы N 1927 Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1993 жылғы 1 тамыздан бастап алыс шетелдерге мұнай экспортын жүзеге асырушы кәсіпорындар, ұйымдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілер ("Маңғыстаумұнайгаз" өндірістік бірлестігі мен "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнынан басқасы) мұнайға экспорттық бағалар мен оған республика ішінде берілетін бағалар арасындағы айырмадан алынған түсімнің 20 процентін бюджет кірісіне енгізетін болып белгіленсін.

2. Республикалық бюджеттің кірісіне түсетін соманы есептеу үшін алынатын түсім көлемі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілейтін соммен есептегендегі АҚШ долларының бағамы қолданылып жүрген сәтте келіп түскен экспорттық бағалар бойынша мұнай экспортынан алынған түсімнің және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімімен белгіленетін республика ішінде берілетін өнімдер үшін қолданылатын баға бойынша экспортталған мұнай құнының арасындағы айырма ретінде айқындалады.

3. Экспортталатын мұнай бағаларындағы айырма сомасы төлеушінің тұрған жері бойынша республикалық бюджеттің кірісіне 8-тараудың 5-параграфындағы "Экспортқа шығарылатын мұнай бағаларындағы айырма түсімдеріне" енгізіледі, б а н к с и м в о л ы 4 7 .

Төлем сомаларын есептеуді пайдаға салынатын салық бойынша есеп айырысу үшін белгіленген мерзімдерде мұнай экспорты іске асырылған кезең еткен соң тікелей, төлеушінің өзі жүзеге асырады.

4. Мұнайдың экспорттық бағалары мен оған республика ішінде берілетін бағалар арасындағы айырманы есептеудің дұрыстығы және уақтылы төлем үшін жауапкершілік төлем жасаушыға жүктеледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК